

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
ҒЫЛЫМ КОМИТЕТІ  
Ш.Ш.УӘЛИХАНОВ АТЫНДАҒЫ ТАРИХ  
ЖӘНЕ ЭТНОЛОГИЯ ИНСТИТУТЫ



# «EDU.E-HISTORY.KZ» ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ ЖУРНАЛЫ



*№ 4(12) қазан-желтоқсан 2017*  
**ISSN 2710-3994**



EDU.E-HISTORY.KZ  
**ЭЛЕКТРОНДЫҚ ҒЫЛЫМИ  
журнал**

2017, № 4(12)

EDU.E-HISTORY.KZ  
**электронный научный журнал**

2017, № 4(12)

EDU.E-HISTORY.KZ  
**electronic scientific journal**

2017, № 4(12)

**Құрылтайшы:**

Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті  
Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

**Басредактор**

Қабылдинов Зиябек Ермұханұлы

**Редакциялық алқа:**

Р. Абдуллаев (Өзбекстан), Н. Аблажей (Ресей), Б. Аяған, М. Әбусейітова, С. Әжіғали,  
Н. Әлімбаев, Б. Байтанаев, Қ. Жұмағұлов, Ғ. Кенжебаев, Б. Көмеков,  
Мансура-Хайдар (Үндістан), Р. Масов (Тәжікстан), Ә. Мұқтар, В. Плоских (Қырғызстан),  
Ю. Петров (Ресей), О. Смағұлов, Сон Ен Хун (Оңтүстік Корея), Е. Сыдықов,  
У. Фиерман (АҚШ), А.Чубарьян (Ресей)

**Жауапты редактор:**

З. Төленова

**Редактор:**

Р. Көбеев

**Редакцияның мекен-жайы:**

050100, Қазақстан Республикасы,

Алматы қ.,

Шевченко көшесі, 28,

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты,

«Edu.e-history.kz»

электрондық ғылыми журналының редакциясы

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Электрондық мекен-жай: <https://edu.e-history.kz/>

Ғылыми журнал Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігінің  
Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 ж. 29 қазанында тіркелген.  
Тіркеу нөмірі № 14602-ИА. Жылына 4 рет жарияланады (электронды нұсқада).

Мақалаларды қайта бастырып жариялағанда, микрофильмге және басқа да көшірмелерге  
түсіргенде міндетті түрде журналға сілтеме жасау қажет.

**Учредитель и издатель:**

РГП на ПХВ «Институт истории и этнологии им.Ч.Ч. Валиханова»  
Комитета науки Министерства науки и высшего образования Республики Казахстан

**Главный редактор**

Кабульдинов Зиябек Ермуханович

**Редакционная коллегия:**

Р. Абдуллаев (Узбекистан), Н. Аблажей (Россия), Б. Аяган, М. Абусейтова, С. Ажигали,  
Н. Алимбай, Б. Байтанаев, К. Жумагулов, Г. Кенжебаев, Б. Комекоев,  
Мансура-Хайдар (Индия), Р. Масов (Таджикистан), А. Муктар, В. Плоских (Кыргызстан),  
Ю. Петров (Россия), О. Смагулов, Сон Ён Хун (Южная Корея), Е. Сыдыков,  
У. Фиерман (США), А. Чубарьян (Россия)

**Ответственный редактор:**

З. Толенова

**Редактор:**

Р. Кубеев

**Адрес редакции:**

050010, Республика Казахстан,

г. Алматы,

ул. Шевченко, 28.

Институт истории и этнологии имени Ч.Ч. Валиханова,  
«Edu.e-history.kz»

Редакция электронного научного журнала

Телефон: +7(727)272-47-59

E-mail: edu.history@bk.ru

Сайт журнала: <https://edu.e-history.kz/>

Научный журнал зарегистрирован в Комитете связи, информатизации и информации  
Министерства по инвестициям и развитию Республики Казахстан, свидетельство о регистрации:  
№ 14602-ИА от 29.10.2014 г. Публикуется 4 раза в год (в электронном формате).

При повторной публикации статей, съемке на микрофильмах и других копиях необходимо  
обязательно ссылаться на журнал.

**Founder and publisher:**

RSE on REM "Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology"  
of the Committee of Science of the Ministry of Science and Higher Education of the Republic of  
Kazakhstan

**Editor-in-chief:**

Kabuldinov Ziabek Ermukhanovich

**Editorial board:**

R. Abdullaev (Uzbekistan), N. Ablazhey (Russia), B. Ayagan, M. Abuseyitova, S. Azhigali,  
N. Alimbai, B. Baitanaev, K. Zhumagulov, G. Kenzhebaev, B. Komekov,  
Mansura-Khaidar (India), R. Masov (Tajikistan), A. Muktar, V. Ploskikh (Kyrgyzstan),  
Y. Petrov (Russia), O. Smagulov, Song Yong Hoon (South Korea), E. Sydykov,  
W. Fierman (USA), A. Chubaryan (Russia)

**Executive editor:**

Z. Tolenova

**Editor:**

R. Kobeev

**Editorial address:**

050010, Republic of Kazakhstan,  
Almaty,  
28 Shevchenko Str.  
Ch.Ch. Valikhanov Institute of History and Ethnology,  
«Edu.e-history.kz»  
Editorial electronic scientific journal  
Phone: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59  
E-mail: edu.history@bk.ru  
Journal website: <https://edu.e-history.kz/>

The scientific journal is registered at the Committee for Communications, Informatization and  
Information of the Ministry for Investments and Development of the Republic of Kazakhstan, r  
egistration certificate:

No. 14602-IIA dated October 29, 2014. The journal is published 4 times a year (in electronic  
format).

When re-publishing articles, shooting on microfilm and other copies, it is necessary to refer to the  
journal.

ҒТАХР / МРНТИ / IRSTI 03.20.

## ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖАЗУ ТАРИХЫ

**Ғабитханұлы Қ.**

А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты (Алматы қ-сы, Қазақстан) тарих ғылымдарының кандидаты, жетекші ғылыми қызметкер

**Аңдатпа.** Мақалада Қытайдағы қазақтардың жазу тарихы, онда қолданылған қазақ әліпбилері әсіресе онда қолданылған латын әліпбиінің ерекшеліктері сарапталады.

**Кілт сөздер:** латын реформасы, А. Байтұрсынұлының әліпбиі, жазуы, Қытайда тұратын қазақтар, Жазу

## ИСТОРИЯ ПИСЬМЕННОСТИ КАЗАХОВ В КИТАЕ

**Ғабитханұлы Қ.**

Институт языкознания им. А. Байтұрсынұлы (Алматы, Казахстан) Кандидат исторических наук, ведущий научный сотрудник

**Аннотация.** В статье исследуется история письменности казахов в Китае, в которой используются казахские алфавиты, особенно особенности латинского алфавита, использованного в нем.

**Ключевые слова:** Латинская реформа, алфавит А. Байтұрсынова, письменность, казахи, живущие в Китае, письменность

## HISTORY OF KAZAKH WRITING IN CHINA

**Gabitkhanuly K.**

A. Baitursynula Institute of Linguistics (Almaty, Kazakhstan) Candidate of Historical Sciences, Leading Researcher

**Abstract.** The article analyzes the history of Kazakh writing in China, the Kazakh alphabet used in it, especially the features of the Latin alphabet used in it.

**Keywords:** Latin reform, A. Baitursynov's Alphabet, writing, Kazakhs living in China, writing

### Кіріспе

Бүгіндері ҚХР Шыңжаң өлкесінде тұратын қазақ, ұйғыр, қырғыз халықтары араб жазуы негізінде жасалған А. Байтұрсынұлының төте жазу әліппесін қолданады. Десе де ондағы түркі тілдес халықтардың өз жазу тарихында бұған дейін кирилл жазуына көшпек болғаны, латын әліпбиін де 20 жылдай қолданғанын біреу білсе біреу білмейді. Ондағы Қазақ жазуы реформасының барысы қалай болды? Қазақ әліпбилері қалай жасалды? т.б. осындай мәселелер мұндағы зиялы қауымды қызықтыратын болса керек. Сонымен бірге бұл тақырыптар біздің отандық тіл білімінде қарастырылмаған тың нәрселер болғандығы себепті төменде біз Қытай елінде жарық көрген еңбектер мен тарихи дәлел фактілер негізінде осы мәселелерге жауап іздеп көрмекпіз.



*А. Байтұрсынұлы әліпбиінің қолданысқа түсуі*

Ісләм дінінің түркі тілдес халықтарға таралуына байланысты Х ғ. бастап көне түркі жазуының орнын араб жазуы біртіндеп иелене бастады. М.Қашқаридың «Түркі тілдер сөздегі» т.б. әлемге әйгілі шығармалар осы жазумен жазылды. Араб жазуы 28 әріп және бірнеше шартты белгілерден тұратын дауыссыз дыбыстарды негіз еткен әліппе болатын. Ұзақ жылдық қолдану барысында түркі халықтары осы әліппеге парсы жазуынан да таңбаларды қосып қабылдап, өзінше жазу дәстүрін қалыптастырды. Бұл бүгіндері ғылыми әдебиеттерде шартты түрде «Кітаби тіл», «Шағатай тілі» немесе «Орта Азия әдеби тілі» делініп, осы тілдерді жазуда қолданылған «Шағатай жазу емлесі» жазу дәстүрі болатын. Бұл жазу дәстүрі А. Байтұрсынұлының жазу емлесі жарыққа шыққан ХХ ғасырдың басына дейін қолданылды. Түркі тілдердің табиғатына сай келмейтін 1000 жылдың жазу дәстүріне түбегейлі реформа жасаған А.Байтұрсынұлының емлесі тек қазақ халқының ғана емес, бүкіл түркі тілдес халықтардың рухани өміріне зор өзгерістер әкеледі. Бұл туралы белгілі ғалым Р.Сыздықова: «Сөйтіп, А.Байтұрсынұлының реформалаған араб жазуы өз кезеңінде қазақ мәдени дүниесінде үлкен роль атқарған, қалың көпшілікті жаппай сауаттандыру ісіне, жазба дүниелердің дамуына, баспа жұмысының жандануына игілікті қызмет еткен, прогрессивтік құбылыс болды. А.Байтұрсынұлының бұл тәжірибесі сол кезде өзге түркі халықтары, мысалы, өзбектер мен татарлар үлгі етіп тұтып, олар да өз жазуларына реформалар жасай бастады» [1, 18], – дейді.

1924 жылы Орынборда өткізілген қазақ-қырғыз зиялыларының тұңғыш сиезінің 15 маусымындағы мәжілісінде араб графикасы негізінде жасаған А.Байтұрсынұлы әліпбиі ресми қолданысқа енетін болып бекігені, сонымен бірге осы негізде, қырғыз, татар, өзбек, ұйғыр қатарлы туысқан түркі тілдес халықтарда бірінен соң бірі өз әліпбилерін жасағаны белгілі. Бұл өзгерістер әрине тез арада көшілес жатқан қытай жеріндегі қазақ, қырғыз, ұйғырларға да әсер етпей қоймады. Осы тұста ХХ ғ. 20, 30 жылдары Кеңес одағында болып жатқан түрлі саяси науқандар, атап айтқанда ұлт-азаттық қозғалыс, байларды кәмпескелеу, ашаршылық т.б салдарынан Қытай жеріне бас сауғалап өткен зиялы қауым өкілдері Байтұрсынұлы әліпбиін Шыңжаңдағы қазақтарға ғана емес, ұйғыр, қырғыз қатарлы түркі тілдес халықтарға да таратты. Осы жылдары Алтайда Кәрім Дүйсенбайев «әліппе астары» деген кітап шығарса, Шәуешекте «жаңа әліпби», Құлжада «әліпе» кітаптары жарық көрді. Содай-ақ, қазақтар шоғырлы қоныстанған Алтай, Тарбағатай, Іле, Үрімжі өңірлерінде әр түрлі курстар ашылып сабақтар өтілді.

Осы ғасырдың 30 жылдарына дейін Қытайда тұратын қазақ, ұйғыр, қырғыз, татар, өзбек қатарлы түркі тілдес халықтар өз жазуларында араб, парсы әліппесі негізінде жасалған дәстүрлі «Шағатай жазу емлесін» қолданып келген болатын. Мәселен, 1910 жылы наурыз айында бүгінгі ҚХР Іле Қазақ автономиялы облысының орталығы Құлжа қаласында «Іле уалаятының газеті» жарық көрген. Газет төрт беттік болып сол кездегі шағатай жазу емлесінде Ілеге аралас қоныстанған қазақ, ұйғыр, өзбек, татар қатарлы ұлттарға түсінікті тілде шыққан [2, 65]. 1930 жылдардан бастап Шыңжаңда ұлттық тіл-жазу мәселелріне көңіл бөлініп, сол кездегі өлкелік үкімет жағынан қазақ, ұйғыр тілдерінде жаңаша оқулықтар жазу, баспадан шығару ісі қолға алына бастады. Десе де бұл кездері А.Байтұрсынұлының ықпалы бұл жерлерге жете қоймаған болатын.

1933 жылы 12 сәуірде Үрімшідегі Жин Шурын үкіметін құлатқан саяси өзгеріс Шыңжаңның осы заман тарихындағы ірі оқиға болды. Билікті шеңгеліне алған Шың Шысай үкіметі бұл тұста сыртқы жақта Кеңестер Одағымен достасу саясатын қолданды. Бұрынғыдай емес, жергілікті халықтардың оқып білім алуына, өз тілінде газет-журнал, кітаптар шығаруына өз мүддесі үшін азда болса көңіл бөле бастады. Қазақ, ұйғыр жастарынан Кеңестер Одағына 300-дей оқушы жіберіп кадр тәрбиеледі [3, 133]. Олардың ішінде тіл-жазу, баспасөз саласының өкілдері де болды. Сонымен бірге араб әліппесі негізіндегі ұйғыр, қазақ жазуларының баспа әріп қалыбы мен баспа

машинасын Кеңестер Одағынан алдырды. Бұл шаралар Шыңжаңның жер-жерінде игі ықпал жасады. Жергілікті қазақ, ұйғыр, қырғыз, татар халықтарының мәдени-ағарту ұйымдары әр жерде құрылып, олардың бастамасымен мектептер ашылып, сауаттандыру жұмысы қолға алынды, ұлттық тілде газет-журналдар шығарылды. Баспасөз жұмыстары жандана бастады. Осы кезге дейін Кеңестер Одағына жалпыласып болған А.Байтұрсынұлының әліппесі Шыңжаңдағы халықтарға тарала бастады.

Қытайдағы қазақ тіліндегі ақпарат-баспасөз туысқан ұйғыр, татар, қырғыз, өзбек халықтарының ақпарат-баспасөз істерінің өркендеуімен сабақтас, тағдырлас болды. Мәселен, 1932 жылы Құлжада араб жазумен жарық көрген «Ли дәряси» газеті Іледегі ұйғыр, қазақ, татар қатарлы халықтарға ортақ газет болса, 1934 жылы 21 майдан бастап Шәуешек қаласында араб жазуымен жарық көре бастаған «Бизниң таууш» газетінде қазақша, ұйғырша, татарша мақалалар аралас басылып отырған.

1953 жылы Тарбағатай аймағында араб жазумен «Шыңжаң-Тарбағатай Хабарлары», «Жаңа Шыңжаң» журналы жарық көрсе, үш аймақ төңкерісі тұсында онда «Халық ауазы», «Інқилапшил яшлар» (төңкерісшіл жастар), «Халықшы», «Дөрбілжін хабарлары», «Табыс» т. б. газеттер жарыққа шыққан. Тарбағатай аймағында шыққан жоғарыдағы газет-журналдар осы аймақтағы ұлттардың аралас қоныстанған жағдайына қарай қазақ, ұйғыр тіліндегі мақалаларды аралас басты. Дегенмен мұндағы халықтардың басым көпшілігі қазақ болғандықтан, мақалалардың дені қазақ тілінде басылды, Алтай, Іле және Үрімшідегі газет-журналдар да осындай күйді кешті. Мәселен, 1946-1950 жылдарда Үрімші қаласындағы зиялы жастар араб жазумен «Хан тәнірі» атты журнал шығарып тұрған. Бұл журналдың бастығы Ибраһым Турды, орынбасары Салық Әмірәліұлы болған. Журнал қазақ, ұйғыр екі тілде аралас шыққан[4].

Жоғарыдағы газет-журналдардың бәрі араб әрпінде жарық көргенімен, оларда сол кезде біртұтас емле-ереже, жүйе болмаған. Кейбіреулері А.Байтұрсынұлының әліппе жүйесіне жақын болса, кейбіреулері дәстүрлі әліппеге аздап қана өзгерістер енгізіп қолданылған. Десе де 30-жылдардан бұрынғы әліппеден аздап ілгерлеушілік болғаны байқалды.

1951 жылы Шыңжаңға Кеңестер Одағынан ұйғыр тілінің мамандары Хәләм Құдайберді, Мәшүр Розыбақы қатарлылар Үрімшіге келіп, тіл-жазу, баспасөз саласына байланысты лекциялар оқыды, ұйғыр тілі емле қағидасы туралы ой бөлісіп, өз тәжірибелерін үйретті. 1951 жылы Алматыдағы тіл-емле кеңесі жағынан А. Байтұрсынов жазу емлесі негізінде түзіліп шыққан «Ұйғыр әдеби тілінің араб әліппесі негізіндегі қысқаша емле қағидалары» талқыға салынып, оған аздаған өзгерістер енгізу арқылы қабылданған. Сондай-ақ бірнеше жыл қолданыстан кейін 1954жылы «Ұйғыр әдеби тілінің қысқаша емле қағидалары» деген атпен Үрімшіде жарияланды. Әліппе 30 әріптен тұрады [5].

Көріп отырғанымыздай, 1950 жылдары ұйғыр тілі мен емлесінде зор бетбұрыс болды[6]. Тарихтан бері жазуда орын алып келе жатқан тек қана араб, парсы сөздеріне ғана керек таңбалар алынып тасталды. Дәйекше белгісін қолдану арқылы дауысты дыбыстарға айырым таңбалар белгіленді. Ұйғыр тілінің емле қағидалары ұйғыр тілі табиғатына, ұйғырдың жанды тіліне жақындады [7, 318]. Бұл қағидалар 1983 жылы жасалған емледе біршама кемелдене түсті. Бұрын 8 дауысты дыбысқа 6 таңба белгіленсе, қазір әр дыбыстар бойынша жеке таңба белгіленді.

А. Байтұрсынұлының төте-жазу емлесі Шыңжаңда тұратын қазақтарға 1930 жылдары тарала бастап, сол тұстардағы баспасөзде қолданылғанымен, әр жерде әрқалай өзгеріске түсіп бір ізде болмаған. 1952 жылға келгенде сол кездегі Шыңжаң өлкелік үкіметтің басқаруында құрылған ұлттардың тіл-жазуын қолдану мен зерттеуге жетекшілік ету комиссиясының тапсыруымен Әнуэр Көкейұлы қатарлылар 1954 жылы А.Байтұрсынұлының емлесі негізінде «Қазақ тілінің емлесін дұрыс қолдану ережелерін» жазған. Бұл ереже Шыңжаң өлкелік халық үкіметінің өкімшілік істері жайындағы 136-ретті жиналысында ресми бекітіліп, жер-жердің атқаруына

жіберіліп, біртұтас қолданысқа түскен.

Арғы тарихты айтпағанда өткен ғасырдың басынан бастар Қытайда тұратын қазақ, ұйғыр және қырғыз халықтарының жазу тарихы тағдырлас, сабақтас, бір ізде келеді. Және жазу дәстүрлерінде А.Байтұрсынұлының емлесін пайдаланғаны анық байқалады.

Қытайда тұратын түркі тілдес қазақ, ұйғыр, қырғыз халықтары кезінде А.Байтұрсынұлы емлесінің ықпалымен өз жазу дәстүрлерін қалыптастырып, бүгінге дейін қолданып отырғанымен, ондағы зерттеушілер тарапынан әсіресе ұйғыр тілі мен жазуын зерттеуші мамандар тарапынан Ахаңның еңбектері туралы пікірлер айтылмай келді. Оның себебі біріншіден, А.Байтұрсынұлы еңбектерінің ол жақтағыларға таныс еместігі болса, екіншіден, Кеңестер Одағы тұсында «халық жауы», «ұлтшыл» атанған адамның атын атау ондағылар үшін де кезінде қиын болғандығында болса керек. Ендігі жерде, Қазақстан егеменді ел болып, Қазақстан-Қытай қарым-қатынастары жақсарған тұста, А.Байтұрсынұлы еңбектері Қытайда тұратын қазақ, ұйғыр, қырғыз халықтарының тіл-жазуымен бірлестіре зерттелуі тиіс.

*Қытайда тұратын қазақтардың крилл жазуына көшу барысы*

Байтұрсынов әліпбиі Шынжаңда тұратын қазақтарда жаппай қолданыс тауып жатқан тұста Кеңестік Қазақстанда қазақ жазуы 1940 жылы латын графикасы негінде жасалған латын әліпбиінен қазір қолданып отырған кириллица негізінде жасалған жазуға көшкен болатын. Мұның өзі Сталиннің орыстандыру саясатының ықпалында жүзеге асқаны бүгіндері жасырын емес.

Қазақ халқының жазу бірлігін ойлаған Шынжаңдағы ұлт зиялылары туысқан түркі халықтары жүйеден енді Кеңестік Қазақстанда қолданып отырған кириллица негізінде жасалған жазуға көшу туралы сөз қозғай бастады. 1956 жылдың тамыз айында тұңғыш өткен Шынжаң өлкелік тіл жазу жиналысында осы өлкедегі ұйғыр, қазақ, қырғыз, өзбек, татар, моңғол, сібе халықтарының жазуларын кириллица графикасына көшіру туралы ұсыныстар түсті. Ұсыныста: «Біз Шынжаңдағы қазақ халқы үшін славян графикасы негізінде айрым жазу жасап отырмастан, Советтік қазақстанда қолданылып, қазақ халқының социалистік мәдениетін өркендетуде біраз қызмет істеп үйреніскен жазуды негізінен қабылдауымыз лайық. Бірақ бұл жазуда әріптердің көптігі емледе белгілі қиындықтар тудыратындығы жайлы талқы түргізу тиіс», «қазақ жазуының жобасы Советтік Қазақстанда қолданылып отырған 42 әріп, екі белгімен берілген жазумен бірдей болып, бұл жазу қазақ әдеби тілінің қажетіне сай келеді, жиналысқа қатысушылар аталған жобаға келіседі» делінген. Осылайша 1956 жылдың 31 желтоқсанында ашылған Шынжаң өлкелік үкіметтің 13 кезекті жиналысында өлкедегі ұйғыр, қазақ, қырғыз туралы ресми қаулы қабылданды. Жоба «Шынжаң малшылары» газетінің 1957 жылдың екінші қыркүйегі күнгі санында жарияланып, қызу талқыға түсті. Зиялы қауым өкілдері Советтік Қазақстанда қолданып отырған қазақ жазуын толықтай көшіріп алмай өзгерістер енгізу керек, атап айтқанда, қазақ тілінің дыбыстық жүйесінде жоқ Я, Ю, Ё, Щ, Ц, Б, Ъ таңбаларын әліпбиден шығарып тастау, қазақша баламасы бар орыс сөздерін қолданбай, қазақшасын қолдану т.б ұсыныс пікірлер айтылды. Осымен бір уақытта Іле қазақ облысының орталығы Құлжа қаласы мен өзгеде өңірлердегі қазақ мектептерінде кириллица негізінде жасалған қазақ жазуы оқытыла бастады. Дегенмен, бұл жобаның өміршеңдігі ұзаққа бармады, 1958 жылдың 28 наурызынан 14 сәуіріне дейін Бейжіңде ашылған жан саны аз ұлттардың тіл мен жазуы туралы ашылған екінші кезекті мәжілісінде кириллица жобасы тоқтатылды [8]. Бұған әрине бір жағынан сол тұстағы Қытай мен Кеңестер одағы арасындағы теке тірестің басталуы себеп болса, енді бір жағынан біраз жылдар талқыланып 1958 жылдың ақпан айында Қытай тілінің латын транскрипциясы (pinyin) жобасының мақұлданып, оны қытай тілі ғана емес Қытайдағы барлық халықтар өз жазуында қолдану керек дегендей саяси шешімдер себеп болғаны анық.

*Қытайда тұратын қазақтардың латын жазуына көшу барысы*

1958 жылдың ақпан айында бүкіл қытайлық халық құрылтайында бекітілген қытай тілінің латын транскрипциясы (pinyin) жобасы жер жерде жүзеге аса бастады [9, 126]. Жобаның басты мақсаты қытай иероглифтерін латын транскрипциясы арқылы оқыту, иероглифтерді үйренуге қолайлылықтар тудыру болатын. Бұл расында да қытай тілін игеруге жасалған игі қадам еді. Бұл бір-бірін түсінбей әртүрлі диалектіде сөйлейтін халықты ортақ тілге (putonghua) көшіру, ортақ тілдік норманы сақтау мен халықты жаппай сауаттандыруда орасан зор ықпал етті. Дес еде, осымен бір уақытта Қытайда тұратын өзге халықтардың жазуын қытай тілінің латын транскрипциясы (pinyin) жобасына жақындастыру, тілі бар жазуы жоқ халықтардың жазуында осы негізде жасау науқаныда басталып кетті.

1959 жылдың 25 қарашасынан 11 желтоқсанға дейін Үрімжіде ашылған екінші кезекті өлкелік тіл-жазу жиналысында «районымызда (өлкемізде) қазір қолданылып отырған араб жазуы негізіндегі ұйғыр, қазақ ұлттарының көне жазуын күшінен қалдырып, оның орнына ханзу (қытай) тілі әліппе жобасы (pinyin) негізінде жасалған латын жазуын қолдану жөніндегі ұсынысты» мақұлдады. Жиналыста сол кездегі Шыңжаң өлкесі төрағасының орынбасары Сәйпиден Әези: «Отанның тұтастығын қорғау, ұлттардың ынтымағын онан әрі күшейту, ұлттардың шаруашылық, мәдениет, оқу-ағарту және ғылым-техника саласын дамыту үшін, барлық ұлттар өзара жақындасуы, әсіресе жан саны аз ұлттар ханзулардан (қытайлардан) үйренуі ханзу тілінен атау терминдер қабылдап өз ұлтының тілін дамытуы және байытуы, сонымен бірге аз санды ұлттардың жазу реформасы қытай тілінің дыбыстық әліпбиі жобасы (pinyin) негізінде жүруі тиіс», «Ұйғыр, қазақ жазуларын қытай тілінің дыбыстық әліпбиі жобасы (pinyin) негізінде жасауды қаламау деген ұлттар тілінің ханзу тіліне сүйеніп дамуын қаламау, ханзу тілін шетке қағу, Шыңжаңдағы аз ұлттардың социализм, коммунизм ұлы нысанасын жүзеге асыруды қаламағандық, халықтар достығы мен отанның тұтастығын қаламағандық» деді. Осылайша «ұлттардың тіл-жазуы өзара жақындасуы, әсіресе ханзу халқының тілі мен жазуына жақындасуы керек» деген берік саяси ұстаным негізінде жазу реформасы тағы басталды.

Аталған дайындықтан соң «Шыңжаң газетінде» (2.03.1960) Қытай тілінің латын транскрипциясы жобасына негізделген қазақ латын жазуының жобасы жарық көрді. Бұл жазу бастапқыда сынық ретінде қолданылып, 1964 жылдың 23 қазанында орталық үкіметтің бұйрығымен ресми бекіді. 1965 жылдың бірінші қаңтарынан бастап атқарылды [10].

Жаңадан жасалған қазақтың латын әліпбиінде 9 дауысты 24 дауыссыз дыбыс бар, бұдан басқа 4 қосар әріп, бір буын айру таңбасы қолданылады делінген латын жазуындағы 26 әріп өз реті бойынша тізіліп, қазақ тілінің ерекшелігіне сай Ғ, Қ, Ә, Ө, Ү, Е сияқты дыбыс таңбалары әліпбидің соңына тіркелді.

Латын жазуын Қытайдағы қазақтар 20 жылдай қолданды. Осы әліпбимен дәл қазір ондағы қоғамдық ортада белсенді қызмет атқарып отырған бір ұрпақ тәрбиеленді. Осы әліпбимен миллиондаған тиражбен оқулықтар шықты, мыңдаған көркем әдебиеттер мен көпшік қауымға арналған басылымдар жарық көрді, ондаған газет-журналдар басылып тұрды.

1970 жылдардың соңы мен 1980 жылдардың басындағы «Мәдениет зор төңкерісінің» кателерін түзету, ұлттар тіл жазуын қапына келтіру т.б. ұлттарға берілген саяси еркіндіктен пайдаланған Шыңжаңдағы қазақ, ұйғыр, қырғыз халықтары 1982 жылы қайтадан жиырма жыл бұрын қолданысын тоқтатқан А.Байтұрсынұлының әліпбиі негізінде жасалған әліпбиге қайта көшіп алды. Және оған аздаған өзгерістер енгізіп, ақпараттық технологияға бейімдеп, бүгінге дейін қолданып отыр.

1980 жылы ҚХР-дың Шыңжаң Радио педагогикалық университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен құрастырылып, латын жазуында жарық көрген «Қазіргі қазақ тілі» оқулығында: «қазақ әдеби тілінде 37 дыбыс бар. Бұл дыбыстарды бейнелеу үшін 33 әріп

қолданылған; zh, ch, sh, ng әріптері тек екі таңбаны қосар қолдану арқылы жасалған сондықтан қосар әріп деп атаймыз. Қосар әріптер екі дыбыстың таңбасы емес, бір дыбысты бейнелеу үшін қолданылған қосар таңба. Қазақ жаңа жазуындағы әріптердің баспаша, жазбаша нұсқалары бар. Әріптердің бас әріп, жол әріп түрлері мен әр әріптің аты, оқылуы болады» - деп жазылған және төмендегі латын әліпбиі көрсетілген:

A a	B b	C c	D d	E e	F f	G g
a	bê	cê	dê	e	êf	gê
H h	I i	J j	K k	L l	M m	N n
ha	i	jê	kê	êl	êm	nê
O o	P p	Q q	R r	S s	T t	
o	pê	qiu	ar	ês	tê	
U u	V v	W w	X x	Y y	Z z	
u	vê	wa	xi	ya	zê	
Q̣ q̣	Ң h	Қ қ	Ә ә	Ө ө	Ū ū	Ê ê
q̣a	hê	ka	ə	ө	ü	ê

Қосар әріптер

ZH Zh zh CH Ch ch SH Sh sh NG ng

zhe che she ngê

Қазақ әліпбиіндегі бұл әріптердің ішінде V әрпі халықаралық атауларды жазуда ғана қолданылады, zh, ch, sh, c, q, f әріптері қазақтың байырғы сөздерінде қолданылмайды, тек ханзу (қытай) және басқа ұлттар тілінен ауысқан осы дыбыстары бар сөздерде ғана қолданылады деп белгіленген [11, 45-46].

Қытайдағы қазақтардың қолданған латын әліпбиі

Негізгі таңбалар

Латынша	Кирил-қазақша	Аталуы	Оқылуы
Басылуы	Жазылуы		
A a	А а	а	а
B b	В в	бе	б
C c	С с	се	ш
D d	Д д	де	д
E e	Е е	е	е
F f	F f	еф	ф
G g	G g	ге	г
H h	Н н	ha	h
I i	I i	i	i
J j	J j	же	ж
K k	K k	ке	к
L l	L l	ел	л
M m	M m	ем	м
N n	N n	не	н
O o	O o	о	о
P p	P p	пе	п
Q q	Q q	чиу	ч
R r	R r	ар	р
S s	S s	ес	с
T t	T t	те	т
U u	U u	ұ	ұ
V v	V v	ве	в
W w	W w	уа	у
X x	X x	ши	ғ

## Негізгі таңбалар

Латынша	Кирил-қазақша	Аталуы	Оқылуы
Басылуы	Жазылуы		
Y y	Ү у	йа	й
Z z	З з	зе	з
Q  q	Q  q	ға	ғ
Ң ң	Ң ң	һе	
Қ қ	Қ қ	қа	қ
Ә ә	Ә ә	ә	ә
Ө ө	Ө ө	ө	ө
Ū ū	Ū ū	ү	ү
Ê ê	Ê ê	е	е
	Қосар әріптер		
ZH zh	ZH zh	жы	ж
CH ch	CH ch	чы	ч
SH sh	SH sh	шы	ш
NG ng	NG ng	ңе	ң
`	`	Дыбыс айру белгісі	

Қорыта келгенде, жасалған сараптамалар Қытайда тұратын қазақтар қазіргі кезде кезінде А. Байтұрсынұлы жасап кеткен араб жазуы негіндегі төте жазу әліпбиін ары қарай дамытып қолданып отырғанын байқауға болады. Ондағы ұйғыр, қырғыз әліпбилері туралы да осы осындай пікірде болған жөн. Сонымен бірге 1959 жылдан 1982 жылға дейін 20 жылға жуық қолданған латын жазуы сол тұстағы солақай саясат кесірінен қытайша жер су адам аттары мен саяси атауларды дәл жазу үшін қазақ тіліне жат, қытай тілінің дыбысталуында кездесетін zh, ch, sh қосар әріптері әліпби қатарына қабылданып кеткенін ескермегенде жасалған әліпби қазақ тілінің табиғатына біршама біршама жақын, кемелді ғылыми болғанын, өз кезінде сонда тұратын қазақтардың сауат ашып білім алуына, оқу-ағартуын дамыту, сауаттардыру жұмыстарын жүргізуіне үлкен ықпал еткенін атап өткен жөн. Және дәл қазір сол қоғамдағы белседі бір ұрпақ пен зиялы қауым өкілдері латын әліпбиімен оқығанын, сол тұста баспалардан латын жазуымен миллиондаған тираж оқулықтар, көркем әдебиеттер мен газет журналдар жарық көргенін ескерсек, ондағы қазақтардың да латын жазуына көшуіне берік негіз бар екенін байқаймыз.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Байтұрсынұлы А. Тіл тағылымы. Кіріспе. Алматы, 1992.
2. Төлегенұлы С. Азаттыққа дейінгі елімізге қазақ тіліндегі ақпарат-баспасөз тарихына шолу // Шыңжаң қоғамдық ғылымы, 1991. №1.
3. Талип Абдулла. Ұйғур мариши тарихидии очеркләр. Үрімші, 1998, 133 б.
4. Төлегенұлы С. Азаттыққа дейінгі елімізде қазақ тіліндегі ақпарат-баспасөз тарихына шолу // Шыңжаң қоғамдық ғылымы. 1991. № 1. 65 б.
5. Махмуд Заиди. Шыңжаң Ұйғур тили вә унин имлеси ұстидики издиниш, тәткикәт һәм муһәппәкийәтлә // Тил вә тәржимә. 1995. № 6.
6. Хәмәт Сәмәт. Ұйғур тилидики созук тавуш фонимилиринин тарихий тәрақияты вә уларниң йезикта ипадә килиши тоғрисида дәсләпки издиниш // Тил вә тәржимә. 1993. № 4. 20 б.
7. Абаукиим Хожа Ғарби иурт вә Қадимки мәднийәт. Урүмчи. 1995, 318 б.
8. Жәлелханұлы М. Ана тілім ардағым. Ұлттар баспасы. Пекин, 2010, 190-203 бб.
9. Қытай энциклопедиясы. Тіл-жазу томы. Пекин: Энциклопедия баспасы, 1988. 126 б.
10. Жәлелханұлы М. Ана тілім ардағым. Пекин: Ұлттар баспасы, 2010. 190-203 бб.
11. Қазіргі қазақ тілі. Шыңжаң: Радио педагогикалық университеті, 1980. 45-46 бб.

## МАЗМҰНЫ

<b>Абдраханов Д.М.</b> ЛАТЫНДАСТЫРУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ТАРИХЫ.....	8
<b>Алексеевко А.Н., Әубәкірова Ж.С.</b> ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ҮРДІСТЕР: ТУУ МЕН ӨЛІМНІҢ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ .....	13
<b>Алиясова В.Н.</b> XXI Ғ. СОҢЫ МЕН XX Ғ. БІРІНШІ ЖАРТЫСЫНДА СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ МҰРАЖАЙ ІСІ.....	21
<b>Алиясова В.Н.</b> СОЛТҮСТІК ЖӘНЕ ШЫҒЫС ҚАЗАҚСТАННЫҢ ӨЛКЕТАНУ МҰРАЖАЙЛАРЫНЫҢ ПАЛЕОНТОЛОГИЯЛЫҚ КОЛЛЕКЦИЯЛАРЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУ ТАРИХЫНА.....	27
<b>Ғабитханұлы Қ.</b> ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ЖАЗУ ТАРИХЫ.....	35
<b>Далаева Т.Т.</b> ҚАЗАҚ БОЛЫСТЫҚТАРЫНДАҒЫ САЙЛАУШЫЛАР: ҚЫЗМЕТІ ЖӘНЕ ІС-ӘРЕКЕТІНЕ ТӘН ЕРЕКШЕЛІКТЕР (XIX Ғ. II ЖАРТ. -XX Ғ. БАСЫ).....	42
<b>Исабеков Ж.Б., Мейрманова Г.А.</b> ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ ҰЛТТЫҚ КИІМДЕРІНІҢ ЗЕРТТЕЛУІ: ТАРИХНАМАЛЫҚ ТАЛДАУ.....	51
<b>Қабдышев Б.Ж., Нұрғалым Қ.С.</b> ҚАЗАҚСТАН ДЕРБЕС ПРОКУРАТУРАСЫНЫҢ НЕГІЗІН ҚАЛАУШЫ.....	57
<b>Қалиев Ж.Н.</b> ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫ АССАМБЛЕЯСЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ ЖАЙЛЫ.....	65
<b>Қалшабаева Б.К., Қатият Қ.</b> ҚАЗАҚТАРДЫҢ БАЛА ТУУ, ТӘРБИЕЛЕУ ҮРДСІНДЕГІ ДІНИ НАНЫМ-СЕНІМДЕРІ (Орталық Азия қазақтары материалдары бойынша).....	71
<b>Кәрібаев С.У., Жүнісбаев С.М., Савин И.С.</b> ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ЖАСТАРЫНЫҢ АЗАМАТТЫҚ ЖӘНЕ ЭТНИКАЛЫҚ БІРЕГЕЙЛІГІН ЗЕРТТЕУ.....	79
<b>Қозғамбаева Г.Б., Егізбаева М.Қ.</b> ҰЛЫ ҒАЛЫМ, ГЕОЛОГ – ҚАНЫШ ИМАНТАЙҰЛЫ СӘТБАЕВ.....	85
<b>Қосанов С.Қ.</b> Ш. МАРЖАНИ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТАРИХЫ.....	89
<b>Күбаев Ш.С.</b> ХАНТЕПЕДЕН ТАБЫЛҒАН ТЕРАКОТАНЫҢ ТҮСІНДІРМЕСІ ЖАЙЫНДА.....	95
<b>Мәжиқызы Н., Сандықбаева Ө.Д., Арыстанбекова Қ.Д.</b> НЫҒМЕТ МЫҢЖАНИ – ЭТНОГРАФ.....	104
<b>Мейрманова Г.А.</b> ЭТНОГРАФИЯЛЫҚ ЗЕРТТЕУДЕГІ ҚАЗАҚТАРДЫҢ ҚОЛӨНЕРГЕ ҚАТЫСТЫ МӘЛІМЕТ ЖИНАУДАҒЫ ПРИНЦИПТЕР МЕН ҰСТАНЫМДАР.....	109
<b>Момынова Г.Т.</b> ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ТОПОНИМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРДІҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ.....	116
<b>Мұсабалина Г.Т.</b> XIX ҒАСЫРДЫҢ ЕКІНШІ ЖАРТЫСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ЖЕРГІЛІКТІ БАСҚАРУ ОРГАНДАРЫ:РЕВИЗИЯ ТӘЖІРИБЕСІ.....	122

<b>Нұрсұлтанова Л.Н., Санатова М.К.</b> ҚАЗАҚСТАН МЕН ЕУРОПАЛЫҚ ОДАҚ АРАСЫНДАҒЫ САУДА -ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚАТЫНАСТАР.....	129
<b>Нұртазина Н.Д.</b> ҚАЗАҚСТАН ТАРИХЫНДАҒЫ ДІНИ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ЗЕРТТЕЛУІ.....	136
<b>Озанов А.Қ.</b> БОС УАҚЫТ ЖӘНЕ СТУДЕНТТЕРДІҢ БОС УАҚЫТЫНЫҢ ТӘЖІРИБЕЛЕРІН ЗЕРТТЕУ.....	140
<b>Ошанов Ж.О.</b> 1727-1732 ЖЫЛДАР АРАЛЫҒЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ-ЖОҒАР СОҒЫСТАРЫ.....	146
<b>Сайынова Б.</b> «ҚЫРҒЫЗДАРДЫҢ (ҚАЗАҚТАРДЫҢ) ЖЕР ПАЙДАЛАНУ МАТЕРИАЛДАРЫ...» - ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ТАРИХЫНЫҢ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ.....	160
<b>Саркұлова С.Д., Берлібаев Е.Т.</b> XX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ТАРИХ ЖӘНЕ ДІНИ МАЗМҰНДАҒЫ ҚАЗАҚ КІТАПТАРЫ.....	166
<b>Сәрсен А.К.</b> МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ БІЛІМ ЭТНОСАЯСАТТЫҢ НЕГІЗІ РЕТІНДЕ.....	174
<b>Сұлтанғалиева Г.С., Төлешова У.Ж.</b> БЕРКІМБАЕВТАР ӘУЛЕТІ: ЗАУРЯД-ХОРУНЖИЙДЕН РЕСЕЙ ИМПЕРИЯСЫНЫҢ ДВОРЯНЫНА ДЕЙІН.....	179
<b>Уалтаева А.С.</b> ЛАТЫН ӘЛПБИІНЕ КӨШУДІҢ ТАРИХИ АСПЕКТІЛЕРІ.....	185



## СОДЕРЖАНИЕ

<b>Абдраханов Д.М.</b> ИСТОРИЯ ВОПРОСА ЛАТИНИЗАЦИИ.....	8
<b>Алексеев А.Н., Аубакирова Ж.С.</b> ДЕМОГРАФИЧЕСКИЕ ТРЕНДЫ В КАЗАХСТАНЕ: РЕГИОНАЛЬНЫЕ ОСОБЕННОСТИ РОЖДАЕМОСТИ И СМЕРТНОСТИ.....	13
<b>Алиясова В.Н.</b> МУЗЕЙНОЕ ДЕЛО В СЕВЕРНОМ И ВОСТОЧНОМ КАЗАХСТАНЕ В КОНЦЕ XIX – ПЕРВОЙ ПОЛОВИНЕ XX ВВ.....	21
<b>Алиясова В.Н.</b> К ИСТОРИИ ФОРМИРОВАНИЯ ПАЛЕОНТОЛОГИЧЕСКИХ КОЛЛЕКЦИЙ В КРАЕВЕДЧЕСКИХ МУЗЕЯХ СЕВЕРНОГО И ВОСТОЧНОГО КАЗАХСТАНА.....	27
<b>Габитханулы К.</b> ИСТОРИЯ ПИСЬМЕННОСТИ КАЗАХОВ В КИТАЕ.....	35
<b>Далаева Т.Т.</b> ВЫБОРНЫЕ (ВЫБОРЩИКИ) В КАЗАХСКИХ ВОЛОСТЯХ (ВТ. ПОЛ. XIX В. – НАЧ. XX В.): ФУНКЦИИ И СПЕЦИФИКА ДЕЯТЕЛЬНОСТИ.....	42
<b>Исабеков Ж.Б., Мейрманова Г.А.</b> ИЗУЧЕНИЕ НАЦИОНАЛЬНОЙ ОДЕЖДЫ КАЗАХСКОГО НАРОДА: ИСТОРИОГРАФИЧЕСКИЙ АНАЛИЗ.....	51
<b>Кабдушев Б.Ж., Нургалым К.С.</b> ОСНОВОПОЛОЖНИК НЕЗАВИСИМОЙ ПРОКУРАТУРЫ КАЗАХСТАНА.....	57
<b>Калиев Ж.Н.</b> О ДЕЯТЕЛЬНОСТИ АССАМБЛЕИ НАРОДА КАЗАХСТАНА.....	65
<b>Калшабаева Б.К., Катият К.</b> РЕЛИГИОЗНЫЕ ОБЫЧАИ, ОБРЯДЫ И ВЕРОВАНИЯ КАЗАХОВ ПРИ РОЖДЕНИИ И ВОСПИТАНИИ РЕБЕНКА (по материалам казахов Центральной Азии).....	71
<b>Карибаев С.У., Джунусбаев С.М., Савин И.С.</b> ИЗУЧЕНИЕ ГРАЖДАНСКОЙ И ЭТНИЧЕСКОЙ ИДЕНТИФИКАЦИИ МОЛОДЕЖИ ЮЖНО- КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ.....	79
<b>Козгамбаева Г.Б., Егизбаева М.К.</b> ВЫДАЮЩИЙСЯ УЧЕНЫЙ, ГЕОЛОГ КАНЫШ ИМАНТАЙУЛЫ САТБАЕВ.....	85
<b>Кусанов С.К.</b> МАРДЖАНИ И ИСТОРИЯ КАЗАХСТАНА.....	89
<b>Кубаев Ш.С.</b> К ИНТЕРПРЕТАЦИЙ ОДНОЙ ТЕРРАКОТЫ ИЗ ХАНТЕПА.....	95
<b>Мажикызы Н., Сандыкбаева Ө.Д., Арыстанбекова К.Д.</b> НИГМЕТ МЫНГЖАНИ – ЭТНОГРАФ.....	104
<b>Мейрманова Г.А.</b> ПРИНЦИПЫ СБОРА СВЕДЕНИЙ, КАСАЮЩИХСЯ РЕМЕСЕЛ КАЗАХОВ В ЭТНОГРАФИЧЕСКОМ ИССЛЕДОВАНИИ.....	109
<b>Моминова Г.Т.</b> НЕКОТОРЫЕ ПРОБЛЕМЫ ТОПОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА.....	116
<b>Мусабалина Г.Т.</b> МЕСТНЫЕ ОРГАНЫ УПРАВЛЕНИЯ В КАЗАХСТАНЕ ВО ВТОРОЙ ПОЛОВИНЕ XIX ВЕКА: ПРАКТИКА РЕВИЗИЙ.....	122

<b>Нурсултанова Л.Н., Санатова М.К.</b> ТОРГОВО - ЭКОНОМИЧЕСКИЕ ОТНОШЕНИЯ МЕЖДУ КАЗАХСТАНОМ И ЕВРОПЕЙСКИМ СОЮЗОМ.....	129
<b>Нургазина Н.Д.</b> ИЗУЧЕНИЕ РЕЛИГИОЗНЫХ ПЕРСОНАЛИЙ В ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА.....	136
<b>Озанов А.Қ.</b> ДОСУГ И ИССЛЕДОВАНИЕ ДОСУГОВЫХ ПРАКТИК СТУДЕНТОВ.....	140
<b>Ошанов Ж.О.</b> КАЗАХСКО-ДЖУНГАРСКИЕ ВОЙНЫ 1727-1732 ГГ.....	146
<b>Сайынова Б.</b> «МАТЕРИАЛЫ ПО КИРГИЗСКОМУ ЗЕМЛЕПОЛЬЗОВАНИЮ...» КАК ИСТОЧНИК ПО ЭКОНОМИЧЕСКОЙ ИСТОРИИ КАЗАХСТАНА.....	160
<b>Саркулова С.Д., Берлибаев Е.Т.</b> КАЗАХСКИЕ КНИГИ ПО ИСТОРИИ И РЕЛИГИОЗНОМУ СОДЕРЖАНИЮ НАЧАЛА XX ВЕКА.....	166
<b>Сарсен А.К.</b> КУЛЬТУРА И ОБРАЗОВАНИЕ КАК ОСНОВЫ ЭТНОПОЛИТИКИ.....	174
<b>Султангалиева Г.С., Тулешова У.Ж.</b> ДИНАСТИЯ БЕРКИМБАЕВЫХ: ОТ ЗАУРЯД-ХОРУНЖЕГО ДО ДВОРЯНИНА РОССИЙСКОЙ ИМПЕРИИ.....	179
<b>Уалтаева А.С.</b> ИСТОРИЧЕСКИЕ АСПЕКТЫ ПЕРЕХОДА НА ЛАТИНИЦУ.....	185

## CONTENTS

<b>Abdrakhanov D.M.</b> THE HISTORY OF LATINIZATION.....	8
<b>Alexseenko A.N., Aubakirova Zh.S.</b> DEMOGRAPHIC TRENDS OF KAZAKHSTAN: REGIONAL FEATURES OF FERTILITY AND MORTALITY.....	13
<b>Aliyassova V.N.</b> MUSEUM WORK IN THE NORTH AND EAST KAZAKHSTAN FROM THE END OF THE 19TH – THE FIRST HALF OF THE 20TH CENTURY.....	21
<b>Aliyassova V.N.</b> TO THE HISTORY OF FORMATION OF PALEONTOLOGICAL COLLECTIONS IN THE LOCAL HISTORY MUSEUMS OF NORTH AND EASTERN KAZAKHSTAN.....	27
<b>Gabitkhanuly. K.</b> HISTORY OF KAZAKH WRITING IN CHINA.....	35
<b>Dalayeva T.T.</b> VYBORNYE (ELECTORS) IN THE KAZAKH’S VOLOSTS (the second half of XIX – the beginning of XX century): FUNCTIONS AND SPECIFIC ACTIVITY.....	42
<b>Isabekov Zh.B., Meirmanova G.A.</b> THE STUDY OF NATIONAL COSTUMES OF THE KAZAKH PEOPLE: HISTORIOGRAPHIC ANALYSIS.....	51
<b>Kabdushev B.Zh., Nurgalym K.S.</b> THE INDEPENDENT PROCECUTOR FOUNDER OF KAZAKHSTAN.....	57
<b>Kaliev Zh.N.</b> ABOUT THE ACTIVITIES OF THE ASSEMBLY OF PEOPLE OF KAZAKHSTAN.....	65
<b>Kalshabayeva B.K., Katiyat K.</b> RELIGIOUS CUSTOMS, RITES AND BELIEFS OF KAZAKHS AT BIRTH AND UPBRINGING OF A CHILD (based on the materials of the Kazakhs of Central Asia).....	71
<b>Karibaev S.U., Junusbaev S.M., Savin I.S.</b> STUDYING OF CIVIL AND ETHNIC IDENTIFICATION OF YOUTH OF THE SOUTH KAZAKHSTAN REGION.....	79
<b>Kozghambayeva G.B., Yegizbaeva M.K.</b> OUSTANDING GEOLOG VERSUS SCIENTIST KANYSH IMANTAEVICH SATBAYEV.....	85
<b>Kusanov S.K.</b> MARDZHANI AND HISTORY OF KAZAKHSTAN.....	89
<b>Kubayev Sh.S.</b> TO INTERPRETATION OF ONE TERRACOTTA FROM HANTEPE.....	95
<b>Mazhikyzy N., Sandykbaeva U.D., Arystanbekova K.D.</b> NYGMET MYNZHANI WAS AN ETHNOGRAPHER.....	104
<b>Meirmanova G.A.</b> PRINCIPLES AND PRINCIPLES IN EDUCATIONAL INFORMATION ON ETHNOGRAPHIC STUDIES.....	109
<b>Mominova G.T.</b> SOME PROBLEMS OF TOPONOMIC RESEARCH IN THE HISTORY OF KAZAKHSTAN.....	116
<b>Mussabalina G.T.</b> LOCAL GOVERNMENTS IN KAZAKHSTAN IN THE SECOND HALF OF THE XIX CENTURY: PRACTICE OF REVISIONS.....	122
<b>Nursultanova L.N., Sanatova M.K.</b> TRADE AND ECONOMIC RELATIONS BETWEEN KAZAKHSTAN AND THE EUROPEAN UNION.....	129

<b>Nurtazina N.D.</b> STUDY OF RELIGIOUS PERSONALITIES IN THE HISTORY OF KAZAKHSTAN.....	136
<b>Ozanov A.K.</b> LEISURE AND INVESTIGATION OF STUDENTS' LEISURE PRACTICES.....	140
<b>Oshanov Zh.O.</b> THE KAZAKH-JUNGAR WARS 1727-1732 YEARS.....	146
<b>Saynova B.</b> "MATERIALS ON KIRGIZ LAND USE ..." AS SOURCE ON THE ECONOMIC HISTORY OF KAZAKHSTAN.....	160
<b>Sarkulova S.D., Berlibayev Y.T.</b> KAZAKH BOOKS OF HISTORY AND RELIGIOUS CONTENT AT THE BEGINNING OF THE XX CENTURY.....	166
<b>Sarsen A.K.</b> CULTURE AND EDUCATION AS THE FOUNDATIONS OF ETHNOPOLITICS.....	174
<b>Sultangalieva G.S., Tuleshova U.Zh.</b> BERKIMBAYEV'S DYNASTY: FROM ZAURYAD-HORUNZHY TO THE NOBLEMAN OF THE RUSSIAN EMPIRE.....	179
<b>Ualtayeva A.S.</b> HISTORICAL ASPECTS OF THE TRANSITION TO THE LATIN ALPHABET.....	185

**EDU.E-HISTORY.KZ**

электрондық ғылыми журналы

2017. 4(12)

*Бас редактор:* Қабылдинов З.Е.

*Компьютерде беттеген:* Зикирбаева В.С.

Жарияланған күні: 15.12.2017.

Пішімі 70x100/16. Баспа табағы 26,6.

*Құрылтайшысы және баспагері:*

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитеті

Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

*Редакция мен баспаның мекен-жайы:*

050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй

ҚР ҒЖБМ ҒК Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты ШЖҚ РМК

Тел.: +7 (727) 261-67-19, +7 (727) 272-47-59

E-mail: [edu.history@bk.ru](mailto:edu.history@bk.ru).

Журнал сайты: <https://edu.e-history.kz>

Ш.Ш. Уәлиханов ат. ТжЭИ басылған:

050010 Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Шевченко көш., 28-үй